«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Шахтинск қаласы **2026 жылғы 12 маусым**

Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ басшысының 2026 жылғы 14 мамырдағы №31 бұйрығымен құрамында жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 18 мамырдан 2026 жылғы 27 маусымға дейін.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ төменде көрсетілген бағыттардағы қызметі **сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі** болып табылады:

1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісінің қызметін реттейтін заңнамаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру және ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау.

Сипаттама бөлігі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің қызметін реттейтін заңнамадағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ қызметін регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ ережесін зерделеу барысында мемлекеттік мекеменің 16 функциясына талдау жасалды.

2. Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызметтер көрсету, бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру және ұйымдық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ штат саны 51,11 бірлік (оның ішінде 20 мемлекеттік қызметкерлер (нақты саны 18), еңбек шарты бойынша қызметкерлер 31,11 (нақты саны 25) бірлікті құрайды.

Бос лауазымдарға орналасу Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №196 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 13 қарашадағы №447 Жарлығымен бекітілген «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізбей ауысу тәртібімен орналасу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылы 46 конкурстық рәсім өткізілді. 11 бос жұмыс орнына орналастырылды. Кандидаттар үшін тең емес жағдайлар жасау фактілері анықталған жоқ. 2 бос лауазым ауыстыру тәртібімен толтырылды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2021 жылғы 11 тамыздағы №138 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын бөлу әдістемесіне сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер функционалдық блоктар бойынша бөлінеді.

Тәртіптік жаза қолдану тәжірибесін мониторингілеу кезінде тәртіптік жауапкершілікке 12 мемлекеттік қызметші (10 ескерту, 2 сөгіс) тартылғаны анықталды, оның ішінде 9-ы басшылық лауазымдарды атқарады. 1 қызметтік тергеу және тәртіптік комиссия отырысы өткізілді, оның қорытындысы бойынша тәртіптік жаза қолданылмады.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 2.

Атауы:

а) қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды қасақана және байқамай бұзу тәуекелдері;

б) азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың белгіленген тәртібін бұзу тәуекелдері.

2025 жылғы талдау барысында мүдделер қақтығысы, сол сияқты басшымен үлестес болу, жақын туыстырдың, ерлі-зайыптылардың, жекжаттардың бірге қызмет етуі, лауазымды тұлғалардың мемлекеттік сатып алу, мүліктерді, активтерді жекешелендіру, сатып алу немесе сату кезінде үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметшілер арасында қолданымдағы заңнамамен лауазымды тұлғаларға белгіленген өзіне қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қатысты шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Барлық қызметшілер Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервис» базасы бойынша тексерілді.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызметшілеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерделенген кезеңде жағымсыз материалдар анықталған жоқ.

Әдеп жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп жөніндегі кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуына бағытталған іс-шараларды үнемі өткізеді.

Шахтинск қаласы әкімінің 2024 жылғы 29 шілдедегі №35ө «2024-2025 жылдарға арналған құқықтық жалпы оқуды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар туралы» өкімімен 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік қызметшілер үшін құқықтық жалпы оқудың тақырыптық жоспары бекітілген.

Жұмыс тобы «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ-не келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеп, талдады.

Келіп түскен барлық хат-хабарлар «Documentolog» АЖ арқылы электрондық форматта өтініштермен жұмыс істеу, бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде тіркеледі, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері «E-otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы келіп түседі.

2025 жылы «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ-нің жалпы құжат айналымы 15 076 іскерлік хат-хабарды құрады; жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштер – 779.

Өтініштерге жауаптар уақтылы және қолданыстағы заңнамаға сәйкес беріледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі: «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызметшілері.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

а) әскерге шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну;

б) азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату;

Мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы №605 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына, «Әскерге шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

eLicense.kz. мемлекеттік қызметтер портал арқылы көрсетіледі, көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасындағы тікелей байланыс алынып тасталды.

2025 жылы келесідей қызмет көрсетілді:

әскерге шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну – 8;

азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату - 0.

2025 жылы 22-23 қыркүйекте «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ішкі бақылау жүргізілді. Бақылау жүргізу барысында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны - 0.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ рұқсат беру функциялары жоқ.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны - 0.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ бақылау-тексеру функциялары жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 1.

Атауы:

а) техникалық ерекшеліктер мен біліктілік талаптарының тиісінше жасалмауы салдарынан бәсекелестікті шектеу мүмкіндігінде көрінетін мемлекеттік сатып алуды өткізу кезіндегі тәуекелдер.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылы мемлекеттік сатып алу келесі тәсілдермен өткізілді:

ашық конкурс-2. 2 шарт жасалды.

конкурстың екінші кезеңі негіздемелік келісімді пайдалана отырып – 0. 0 шарт жасалды.

баға ұсыныстарын сұрату - 182. 176 шарт жасалды.

бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы - 19 шарт жасалды.

баға ұсыныстарын сұрау – 182. 176 шарт жасалды.

электрондық дүкен - 11. 11 шарт жасалды.

Көрсетілген кезеңде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі: «Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ Бас маман-бухгалтері, Бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу жөніндегі әдіскер.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0.

2025 жылы жасалған 208 шартқа жұмыс тобы талдау жасады.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу электрондық мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тікелей байланыссыз және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.
Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0.

«Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ ақпараттық жүйелерді әзірлеуші болып табылмайды.

Ақпараттық қауіпсіздік саясатын компьютерлік техника (бағдарлама) операторы қамтамасыз етеді, оның құзыретіне операциялық жүйені, қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы орнату және конфигурациялау, компьютерлерді жергілікті желі мен Интернет желісіне орнату және қосу, компьютерлік техника мен сервердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, шығын материалдарын ауыстыру кіреді.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында:

- ақпараттық қауіпсіздіктің техникалық құжаттамасына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтағаны үшін;

- деректер базасын қызметтік емес мақсаттарда пайдаланғаны және дербес деректерді жария еткені үшін жауапкершілік қарастырылған.

9) Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.
Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0.

Қорытынды бөлім.

Шахтинск қаласы әкімінің аппараты» ММ қызметіне талдау жүргізе отырып, жұмыс тобы мемлекеттік мекеменің қызметінде төменде көрсетілген **сыбайлас жемқорлық тәуекелдері** орын алуы мүмкін деген қорытындыға келді:

1) қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды қасақана және байқамай бұзу тәуекелдері;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың белгіленген тәртібін бұзу тәуекелдері;

3) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер, оның ішінде бәсекелестікті шектеу мүмкіндігі, техникалық шарттар мен біліктілік талаптарының тиісінше дайындалмауы кезінде сәйкестікке бақылаудың болмауы.

Ұсыныстар:

1) жалпыға бірдей құқықтық оқыту бойынша сабақтар өткізуді жалғастыру;

2) мемлекеттік қызметшілердің өздеріне қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерімен тыйымдарын қатаң сақтауын қамтамасыз етсін;

3) қызметкерлердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз ету;

4) қызметкерлердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасы нормаларының талаптарын мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз ету.

Жұмыс тобының басшысы: **А. Тлеуов**
2026 жылы «____» маусым

Жұмыс тобының мүшелері: **А. Ивашевский**

О. Панина

Ж. Казденова

Р. Манапов

Жұмыс тобының хатшысы: **Е. Митрофанова**